



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

жанұялардағы проблемалардың бірі – бала (балалар) мен әкесінің жаңа жұбайының (мүмкін оның балаларымен) арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру.

Қазақстанда 2016 жылы ресми түрде 39 257 ажырасу, ал 2017 жылы 41 617 тіркелген, шамамен әрбір үшінші жаңадан құрылған отбасы бұзылады. Отбасының бұзылуы қазіргі заманғы қоғамның проблемасы болып табылады. Жүргізілген бірнеше зерттеулердің нәтижесінде кішкентай бүлдіршін үшін, ата-анасының ажырасуы салдарынан психологиялық зардап шегетіні анықталды. Зерттеу көрсетіп отырғандай, ерлі-зайыптылардың арасындағы туындаған кикілжіңдердің салдарынан балалар депрессияға ұшырайды және дамуының артта қалуына бейімді болып келеді. Осылайша, ажырасу фактісі баланы ауыр психологиялық салдарларға душар етеді.

Статистикалық зерттеулер көрсетіп отырғандай, аталған себептерге байланысты толық отбасы балаларымен салыстырғанда, толық емес отбасы балалары мектепте үлгерімі төменірек, невротикалық күйзелістер мен тәртіп бұзушылыққа бейім.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, қазақстандық қоғамдағы толық емес отбасылардағы ең өткір мәселелер қатарын атап өтуге болады:

- материалдық-тұрмыстық: жалғыз ата-ана өзінің жағдайына байланысты өзі үшін де, бала (немесе балалар) үшін де жұмыс жасауы қажет;

- жұмысқа орналастыру мәселесі: бұл мәселенің шешімі, жалғыз басты ата-анаға жақсы жалақы төленетін жұмыстың қажеттігі, үйге жақын болуы, еркін кестеге ие болу мүмкіндігі және т.б. байланысты қиындатылуда;

- баспаналық: барлық толық емес анасы ғана бар отбасыларда туындауы мүмкін, әсіресе баспанасының бөліске түсуі кезінде;

- отбасылық өмір тәжірибесінің жоқтығы;

- балаларды тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтендіру мәселесі: толық емес анасы ғана бар отбасы тұтас үйлесімді қарым-қатынастар жүйесіне ие болмайды, отбасы мүшелерінің екі тобы – материалдық және рухани қолдауды қажет ететіндер, және соны қамтамасыз ететіндер арасында теңгерімсіздік пайда болады.

- жаңа отбасы құру мәселесі: өткен өмірлік тәжірибе жаңа отбасы құруға кедергі келтіреді;

- балалар мәселесі: ата-ананың біреуінің жоқтығы, сондай-ақ ерлі-зайыптық қатынас қалыптасып келе жатқан құндылықтар жүйесіне айтарлықтай әсер етеді.

#### **Пайдаланған әдебиет:**

Нукетаева Д. Заманауи қоғамдағы толық емес отбасы мәселелері // <http://www.otbasym.kz/news/kultura/2018-03-07/scientist-serik>

УДҚ 347.78.01

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ДАМУЫ**

#### **Рүстем Ақбота**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ –нің Заң факультеті 05030100 «Құқықтану»

мамандығының

3-ші курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Азаматтық және экологиялық

құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы Абильдинова Р.А.

Авторлық құқық XVIII-XIX ғасырларда кейбір еуропалық мемлекеттерде пайда болып, бүгін бүкіл дүние жүзіне таралған. Баспагерлердің құқығын қорғау әдісінен ол әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамудың мықты факторына айналған. Мемлекетіміз автордың жеке құқықтарын қорғауға жағдай жасай отырып және де туындылардың пайдаланылғаны

үшін сыйақы алу жағдайын қамтамасыз ете отырып, адамдардың шығармашылық белсенділігінің жоғарлауына, шығармашылықтың барлық салаларындағы туынды санының өсуіне әсерін тигізіп отыр. Халықаралық деңгейде алып қарайтын болсақ, авторлық құқық туралы алғашқы идея Европада кітап басу ісімен байланысты XV ғасырда пайда болды.

Европадағы алғашқы заң XVII ғасырда Англияда дүниеге келді. Ағылшынның баспагерлері мен кітап саудагерлері компаниясының автор құқығын қорғауға байланысты талаптарына сәйкес заң жобасы 1709 жылы талқыланып, ол 1710 жылдың сәуірінде «Королева Аннаның статуты» деген атпен күшіне енеді. Бұл заң тек баспагерлердің ғана мүддесін қорғады. Ал суретшілердің авторлық құқық туралы заңы Англияда 1535 жылы қабылданды. Бүгінгі Қазақстан аумағында авторлық құқық негіздері нақтылап айтсақ әл-Фараби заманынан келе жатқаны аңғарылады.

Авторлық құқық жөніндегі ресми құжаттар Қазақстанда тұңғыш рет XIX-шы ғасыр аяғы мен XX-шы ғасырдың басында ғылыми-қоғамдық еңбектерде көрініс берді, ал одан соң қолданылып жүрген бірқатар заң ережелерінде, оның ішінде 1928 жылғы Заң кодексінде айқындала түскені мәлім. Дегенмен бұл заңдар жүйесі 1917 жылы 29-желтоқсанда қабылданған «мемлекеттік баспа туралы» декреттен бастау алады. Ол кездегі заң авторлық құқық саласының көптеген проблемаларын шешуге дәрменсіз еді.

Қазақстандағы авторлық құқықты қорғаудың мемлекеттік негізі 1973-жылы Бүкілодақтық Авторлық құқық жөніндегі Агенттіктің (ВААП) Қазақстандағы бөлімшесі жұмыс істей бастаған күннен басталды.

Авторлық құқықты қорғаудың жаңа кезеңі Қазақстанның тәуелсіздік алуымен тікелей байланысты. 1992 жылы Бүкілодақтық Агенттіктің қазақ бөлімшесінің негізінде Қазақстанның Авторлық құқық және сабақтас құқығы жөніндегі Мемлекеттік Агенттігі құрылды. Ол 1999 жылдың басында Әділет министірлігінің құрамына беріліп, «Авторлық құқық жөніндегі комитет» деп аталған болатын.

Автор – шығармашылық еңбегінің нәтижесінде белгілі бір туындыны дүниеге әкелген тұлға. Мұндай туынды ғылым саласында, әдебиет саласында, өнер саласында, техника саласында болуы мүмкін. Осындай жаңа туынды дүниеге келген сәттен бастап, сол туындыға авторлық құқық пайда болады. Автордың өзі ойлап тапқан жаңа туындыға өзін сол туындының авторы ретінде танылу құқығы, және туындыны азаматтық айналымға жария түрде шығарса, оның даналарына автордың өз есімін тиісті түрде көрсету арқылы тануды талап ету құқығы, оған қол сұғуға жол бермеу, туындыны кез-келген жолмен бүлдіруге, бұрмалауға немесе өзге жолмен өзгертуге, сондай-ақ автордың ар-ожданына, беделіне нұқсан келтіретін басқа кез-келген қол сұғушылыққа қарсы әрекет ету құқығы (авторлық беделін қорғау құқығы) болады. Авторды жоғарыда көрсетілген құқықтарынан айыруға болмайды. Бұған қоса, автордың немесе өзге құқық иеленушінің сол туындыны кез келген нысанда және кез келген әдіспен пайдалануға құқығы мүлтік құқық немесе айрықша құқық деп танылады. Автордың туындыны пайдалануға айрықша құқығы, туындыны өз қалауы бойынша кез келген уақытта, кез келген мақсатта қолдана алады.

Авторлық құқық автор автордың бүкіл ғұмыры бойы және автор қайтыс болғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды. Бірақ, авторлық құқығын, оның есімінің құқығын және авторлық беделін қорғау құқығын қорғауға шек қойылмайды.

Авторлық құқық — программалық бұйымды әзірлеуге қатысты автордың құқықтық жағдайын анықтайтын заң шығаратын нормалар жиынтығы.

Авторлық құқық ғылым, әдебиет, өнер шығармаларын шығару және пайдалануға байланысты қатынасты реттейтін азаматтық құқық тарауы; ол ұлттық құқық пен авторлық құқықты қорғау жөніндегі халықаралық конвенциялармен реттеледі.

Ғылым, әдебиет және өнер шығармаларын жасаумен және пайдаланумен (басып шығару, орындау және т.б.) байланысты қатынастарды реттейтін азаматтық құқық бөлімі. Авторлық құқықты қорғау жөніндегі ұлттық құқықпен және халықаралық конвенциялармен реттеледі. Құқықты қалпына келтіру, сондай-ақ келтірілген залалды өтеу туралы талап

арыздың көмегімен, бұзылған құқықтарды қорғау, сотта істі қарау тәртібімен жүзеге асырылады

Авторлық құқыққа тоқталып кететін болсақ, Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 2 – бабы бойынша: авторлық құқық – автордың жеке мүліктік және мүліктік емес құқықтары болып табылады[2].

Өз алдына дербес жеке институт ретінде авторлық құқық нақты міндеттер атқарады. Бұл міндеттерге автордың мүліктік, жеке мүліктік емес құқықтары мен заңды мүдделерін жан – жақты қорғау, ғылыми және көркем туындыларын шығару үшін анағұрлым қолайлы жағдайларды құқықтық әдіс – тәсілдер арқылы қамтамасыз ету, оларды қоғамның кеңінен пайдалану жатады. Объективтік мағынада алып қарайтын болсақ, авторлық құқық – ғылым, әдебиет және өнер туындыларын бұл шығару және пайдалану бойынша қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Ал, субъективтік мағынадағы авторлық құқық - бұл әдебиет, ғылым және өнер туындыларын шығарған тұлғаларға тиесілі жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар. Автордың мүліктік емес жеке құқықтарының арасындағы бірінші және негізгісі ол туындының авторы болып танылу құқығы. Авторлық құқық туындының белгілі бір тұлғаға тиістілігін объективті факт ретінде белгілейді және туынды мен оның жасаушысы арасындағы ақиқатты байланысты қорғайды.

Авторлық құқық проблемасын қарастыруда дұрыс шешім қабылдау мемлекет пен қоғам үшін өте маңызды.

Адамдардың шығармашылық жұмыспен айналысуы, өндірістік қызметпен және де материалдық қызметпен бірдей пайда болған болатын, соған байланысты, шығармашылық жұмыспен айналысу бұл кез келген елдің экономикасына өз үлесін қосары анық. Ғылымның, әдебиеттің және өнердің жаңа туындыларын, жаңа өнертабыстарды, жаңа өнеркәсіптік үлгілерді жасауға талантты адамдар олардың осы ерекше қабілеттері өздеріне тек қана моральдық жетістік қана емес, сонымен қоса материалдық табыс та алып келетіні анық. Әдеби және өнер туындыларын, техникалық жетістіктерді, азаматтық айналым субъектілері мен объектілерін дараландыру құралдарын жасаушылардың құқықтарын ерекшелендіру және қорғау үшін көптеген елдердің заңшығарушылығы «авторлық құқық» деп аталатын нормаларын тудырды.

Сонау жылдан бері келе жатқан автор құқығы – ақиесі дейтін қағидаға ие болып – халықтық қолданбалы өнер туындыларымен бірге жаралап, жасасып келе жатқанын жоққа шығаруға болмас[4; б.10]. Ғасырлар бойғы келе жатқан қазақ даласының өнеріне сүйенетін болсақ авторлық құқық сонау бірнеше заманнан бертін дамып келе жатқан адамдардың өзіндік шығармашылық жұмысы болып табылады. Шығармашылық жұмыспен айналысу бұл да бір өнердің қыры болып саналатынын біз ұлы қазақ даласының ақындарынан не болмаса жазушыларынан байқауға болады. Тіпті, оған мысал ретінде айта кететін болсақ қазақ халқының атын бүкіл әлемге танымал еткен қазақтың ағартушысы, ғалымы Шоқан Уәлихановтың өзі шығармашылық жұмыстармен айналысқан болатын.

Әр адамның жеке меншік құқықтары болады, оған ешкімнің де араласуға не болмаса билеп – төстеуге құқығы жоқ. Автор туындысы – бұл автордың жеке меншігі болып табылады, оған бөтен ешкімнің билігі жүрмеуі тиіс.

Сол секілді біздің елімізде шығармашылық жұмыстармен айналысуға толықтай кепілдік беріліп отыр. Бұған дәлел ретінде, Қазақстан Республикасының Ата Заңы Конституциясының 20 – бабында: «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады» деп тұжырымдалғанын көрсетіп кетуге болады[1].

Қазіргі таңда авторлық құқыққа байланысты көптеген мәселелер туындап жатыр, айта кететін болсақ, әншілер арасында шешілмей жатқан мәселелер не болмаса олардың шетелдік әндерін сахнада орындауы сонымен қоса, ақындар мен журналистердің авторлық құқықтарын кейбіреулердің аяққа таптап жүретіндігі заңға қайшылық болып табылады.

Осыған байланысты қазіргі кезде авторлық құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгініп жатқандар да аз емес. Мысал ретінде айта кететін болсақ, адамдар не болмаса заңды тұлғалар кез келген туындыны автордың рұқсатынсыз пайдаланып, сол арқылы күн көріп, ал кейбір

пысықтары көшеде заңсыз жазылған әндердің үнтаспаларын сатып, байып жатқан болуы мүмкін. Осылардың бәрі авторлық құқықты аяққа таптау болып табылмайма?!

Әрбір елдің беделінің тұрақтылығын, мәдениеттің деңгейін көрсететін басты қажеттіліктің бірі – сол елдегі авторлық құқықтың қорғау деңгейі болып табылады. Оны айтпағанның өзінде, мемлекет пен мемлекет арасында қандайда бір іскерлік, әріптестік байланыс орнауы үшін алғашқы шарттылық ретінде сол мемлекеттердегі авторлар құқығының қорғалу деңгейі назарға алынады. Мысал ретінде, өз елімізді айтар болсақ, авторлық құқық бағалы және толықтырылатын қор ретінде өзінің шынайы мағынасына ие болып келеді, болашақта бұл біздің республикамыздың азаматтарының әл-ауқат деңгейін анықтайтын болады. Сондықтан да, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тәуелсіздік алған жылдардан бастап – ақ авторлық құқық саласына аса зор мән беріп, агенттік ашуға тапсырма беруінің астарында үлкен мән бар. Авторлық құқық – бұл әрбір елдің экономика саласының дамуына жаңа бағытын септігін не болмаса аса бір қажеттілігін тигізери сөссіз. Әр елдің өзінің тұңғыйықты тарихы, ата – бабалар қастерлеп ұстаған салт – дәстүрі болады. Қазақта сөз бар, әр ел өзінің тарихымен қымбат, дәстүрімен бай демекші, осындай авторлардан туындайтын халықтың әдет – ғұрыпына айналған әр елдің шығармашылық жұмыстарын не болмаса олардың өнер туындыларын аяққа таптау бұл қай қоғамды болсын алаңдатпай қоймайды.

Қоғам мемлекет үшін, ал мемлекет халық үшін жаралған, қоғам мен мемлекет әрдайым бір сатыда қарастырылған болатын. Осы жерде айта кететін болсақ, авторлық құқық қорғалмаған мемлекет дүниежүзілік қара тізімде тұрады. Ал бұл дегеніміз, ол мемлекетпен авторлық құқық қорғалмағандықтан халықаралық дәрежедегі келісімдер жасауға болмайды дегенді білдіреді деген ұғым болып табылады.

Халықаралық тәжірибенің көрсетуінше әр мемлекеттің міндеті бұл – авторлардың құқықтарын бұзуға қарсы тиімді құқық қолдану жүйесін енгізу болып табылады. Бұл құқық иеленушілерге өз құқықтарын кесіп өтуге және шығындардың орнын толтыруға мүмкіндік береді. Авторлардың құқықтарын қорғау бұл мемлекет алдындағы үлкен жауапкершіліктің бірі болып табылады. Автор туындысы арқылы мемлекет көптеген дәрежеге жетуі мүмкін. Себебі, әр автор иесі тек өзіне ғана пайда алып келе қоймай сонымен бірге, мемлекет қазынасына да пайда тигезері анық. Сондықтан да, автордың құқығын қорғау және авторлық құқықты бұзудың алдын алу, заңға қайшы келетін авторлық құқыққа байланысты іс – әрекетті болдырмау бұл біздің ең басты міндеттеріміздің бірі болып саналады. Ал қазіргі таңда, біздің елімізде авторлық құқықты қорғауға ерекше мән беріле бастады. Осыған байланысты, Қазақстандағы авторлық құқық туралы заңдар шығарылды. Қазіргі таңда, көріп отырғаныңыздай, республикадағы авторлық құқық саласының аяғынан нық тұрып іргелі елдердің қатарынан орын алуы, әлемге танымал ұйымдардың қазақ еліндегі авторлық құқықты мойындауы Марал Ысқақбай есімімен тығыз байланысты.

Зияткерлік меншік саласындағы мемлекеттің маңызды міндеті – авторлық құқықты заңсыз пайдалануға жол бермеу және оның алдын алу сонымен қоса авторлық құқықты бұзушылықты болдырмас үшін шаралар қолдану үлкен жауапкершілік болып табылады.

Екіншіден, өркениетті қоғамның басты көрсеткіштерінің бірі болып техникалық не болмаса экономикалық бағыт болатын және де әрдайым солай болып қала бермек. Сол сияқты, зияткерлік меншік құқығының саласы болып табылатын авторлық құқық та, соның ішінде ғылым және мәдениет өз алдына мемлекетті жаһандырудың жаңа саласын гүлдендіруде маңызды орынға ие.

Авторлық құқықтың бұзылуына жол бермеу және оны заң тұрғысынан қадағалау Қазақстан Республикасының үлкен алға қойған міндеттерінің бірі болып саналады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995ж
- 2.«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10.06.1996ж, №6-І



3. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 27.12.1994 ж, 268-13

4. Оразалиев С.Ш. Авторды қорғау руханиятты қолдау. А – 2000 ж.

УДК 347.4

## **СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ОТДЕЛЬНЫХ ВИДОВ ДОГОВОРА ХРАНЕНИЯ**

**Рыспекова Алия Нурлановна**

магистрантка 1 курса юридического факультета

ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана

Научный руководитель: к.ю.н., профессор С.Б. Жаркенова

В последнее время стремительно развиваются различные разновидности договора хранения, которые в перспективе могут выделиться в самостоятельные. Разнообразные гражданско-правовые договоры имеют много общих черт, и в то же время обладают определенными особенными свойствами.

Хранение в ломбарде. Для дальнейшего развития законодательного регулирования работы ломбардов в нашей стране снимаются лишние административные препятствия, упрощаются и уменьшаются императивные предписания, предпочтение отдается договорному методу регулирования определенной разновидности предпринимательской деятельности.

К примеру, с 2006 года в республике сняли разрешение для работы, т.е. не требуется лицензия, и согласно с п.5 ст.328 Гражданского кодекса РК, для работы ломбардов достаточно соблюдения уведомительной процедуры, в соответствии с Законом РК «О разрешениях и уведомлениях» от 16 мая 2014 года. Также утратили силу такие подзаконные правовые акты, которые определенным образом регулировали работу ломбардов. Это акты Национального Банка Республики Казахстан и Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций. Деятельность ломбардов в настоящее время регулируется ст. 328 ГК РК (залог вещей в ломбарде) и ст. 784, 785 ГК РК (хранение вещей в ломбарде).

Тем самым законодатель дает возможность ломбарду и клиентам регулировать отношения по договорному принципу, кроме конкретных властных установлений и запретов, установленных в законных и иных нормативных правовых актах. Согласно пп 1. П.1 ст.328 ГК РК властные предписания в отношении обеспечения залога не регламентированы в правовых актах, а есть только единое требование о необходимом поддержании ломбардного займа обеспечительным, т.е. акцессорным обязательством в качестве залога движимого имущества. В отношении обеспечения залога, то срок предоставления вещи, время появления залогового права либо предоставление залога по определенным долям, то это является предметом договорной регламентации гражданского законодательства и согласно принципу свободы заключения соглашения, в соответствии со устанавливаются по соглашению сторон.

При этом сущность такой сделки, связанной с реализацией ломбардом исключительной деятельности в том, что ломбард как займодавец выдает денежные средства по залог, а заемщик предоставляет ему гарантию в виде залога.

В соответствии с подп.1 п.1 ст.328 ГК РК, к одному из двух особенных разновидностей работы ломбардов считается предоставление займов под залог движимого имущества на короткий срок. При этом сущность такой сделки, связанной с реализацией ломбардом исключительной деятельности в том, что ломбард как займодавец выдает денежные средства по залог, а заемщик предоставляет ему гарантию в виде залога.

Мы не считаем верным точку зрения С.М. Айтбаева, который считает, что ломбард не вправе предоставлять займы под залог движимых вещей на короткие сроки, в целях собственного пользования, поступающего в перспективе, так как тогда ломбард не сможет выдать квитанцию о залоге [1].